

Елена Дворецкая-Юсупова — Алматы қаласының адвокаттар алқасының адвокаты, сот және арбитраждық дауларға, АХҚО Сотындағы дауларға, корпоративтік құқыққа, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мәселелері бойынша дауларға, сондай-ақ лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі мен экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға маманданған.

Дворецкая-Юсупова ханымның кең тәжірибесі корпоративтік, коммерциялық, шарттық, салықтық құқық, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік салаларындағы әртүрлі даулар бойынша тараптардың мүдделерін қорғауды қамтиды. Тәжірибелі адвокат ретінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық істер бойынша жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында үлкен тәжірибесі бар. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмағандықтан немесе қылмыстық оқиға болмауына байланысты қылмыстық істердің бірнеше рет тоқтатылуына қол жеткізген.

Елена Дворецкая-Юсупова Қазақстан халықаралық арбитражының және «IUS» Халықаралық арбитраж сотының ұсынылған төрешілер тізімінде тұр. Сонымен қатар, Дворецкая-Юсупова ханым компания қызметкерлеріне компания мен оның қызметкерлері қылмыстық қудалауға тартылған жағдайда қандай әрекеттер жасау керектігі туралы тренингтер өткізуде үлкен тәжірибеге ие.

Көрнекті істері:

- Әртүрлі заңды тұлғалардың құрылтайшыларының мүдделерін үлестердің тиесілігі, олардың мөлшері мен құны туралы дауларда қорғаған.
- Салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талаптары бойынша заңды тұлғалардың мүдделерін қорғаған.
- Сенімгерлік басқару және компанияны кейіннен сатып алу мәселесі бойынша МАЦ АХҚО арбитраждық процесін бұғаттау мақсатында оппоненттер сотта бастаған даулар бойынша компаниялар тобын сотта қорғаған, сондай-ақ арбитраждық істерде қамтамасыз ету шаралары жөніндегі процестерге қатысқан.
- Компьютерлік жабдықтың ірі қазақстандық жеткізушісін Алматы қаласының Мамандандырылған әкімшілік сотында салық органдарымен болған бірқатар дауларда қорғаған; барлық істер клиенттің пайдасына шешілген.
- Қазақстанның ірі кәсіпорындарының бірінің мүдделерін әртүрлі деңгейдегі сот жүйесінде шарттық міндеттемелерді орындау туралы бірқатар коммерциялық дауларда қорғап келеді.
- Шетелдік инвестордың мүдделерін АХҚО Сотында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шарты бойынша дауда қорғап келеді.

Қылмыстық істері:

- Аймақтың жүз ірі салық төлеушісінің қатарына кіретін компания басшысын салық төлеуден жалтару күдігі бойынша экономикалық тергеу департаменті (ЭТД) тіркеген қылмыстық іс бойынша қорғауға қатысты. Қылмыстық іс екі рет ақтау негіздеріне сәйкес тоқтатылған.
- Салық дауының нәтижелері бойынша экономикалық тергеу департаменті («ЭТД») қозғаған қылмыстық істе Қазақстанның ірі IT компанияларының бірінің басшыларын жауапқа тартуға тырысқан ЭТД тарапынан басталған қылмыстық істе қорғаушы ретінде қатысқан; қылмыстық қудалау ақтау негіздері бойынша тоқтатылған.

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «заңгер, екі шет тілін меңгерген маман» мамандығы бойынша диплом, 2005 жыл.
- 2006-2007 жылдары Алматы қаласының адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткен.
- Адвокаттық дағдылар курсы – Америка адвокаттар қауымдастығы.

Заңгерлік тәжірибеге рұқсат / біліктілігі:

- Қазақстан Республикасы, адвокат ретінде, лицензия № 21026999, алғаш рет 2007 жылы берілген.
- Халықаралық қаржы орталығы «Астана», АХҚО Соты, «right of audience», 2019 ж.

Тілдері:

- Орыс тілі (ана тілі)
- Ағылшын тілі (еркін)